



Құрметті ата-ана/қамқоршы:

Сіз және сіздің отбасыңыз біздің жүздеген түрлі тілде сөйлейтін қатысушыларды қамтитын қауымдастығымыздың мүшесі болғаныңызға қуанышытымыз. Prince William County Public Schools мектебі әр оқушыға *Әлемдік деңгейдегі білім беруге бағытталған*. Отбасылармен байланыс орнату бұл рәсімде маңызды рөл атқаратындықтан, әр ата-ана мен қамқоршыға көмектесу және олардың өз балаларының білім алу үрдісіне қатысуына мүмкіндік беру үшін негізгі ақпаратты ұсынамыз.

Барлық мектеп материалдары ағылшын тілінде ұсынылады; Алайда, негізгі құжаттар мен ақпараттарды біздің аймақтағы көп қолданысқа ие тілдерге үнемі аударып отырамыз.

Бірнеше тілде сөйлейтін мектеп қызметкерлері pwcs.edu Prince William County Public Schools сайтында және жекелеген мектеп сайттарында маңызды және жүйелі түрде жаңартылып тұратын ақпаратты ұсынады. Барлығы 50-ден астам тілге аударма жасауға мүмкіндік беретін әйгілі Google Translation құралын қамтиды. Компьютерленген аудармалар әдетте мінсіз, дұрыс болмайды, алайда, мектеп туралы ақпаратқа маңызды сілтемелер береді. Егер үйіңізде компьютер болмаса, жалпыға ортақ кітапханалардан бірін пайдалана аласыз.

Ең маңыздысы - Мектеп бөлімшесі өзге тілде сөйлейтіндерге оқушылар мен ата-аналар құқықтарын, жауапкершіліктерін, болжалдарын және өзге де білім алу үрдісіне және оқушыларға ұсынылатын қызметтерге қатысты маңызды ақпаратты қамтитын құжаттармен танысу үшін көмек беретін кәсіби аудармашылар көмегін ұсынады. Әркімнің үлесі маңызды және бағаланатынына көз жеткізу үшін аудармашылар бұл мәселелерді ата-аналар жиналыстарында талқылауға көмек береді. Бұл қызметтер отбасылар үшін тегін ұсынылады.

Арнайы көмек қажет болғанда, осы тәсілдердің бірін пайдаланыңыз.

- Онлайн – translations.pwcs.edu сайтына кіріңіз.
- Жеке өзіңіз балаңыздың мектебіне кіріп шығыңыз. Сіздің тіліңізде сөйлейтін қызметкер болмауы мүмкін. Алайда, өзге қызметкер сізге көмектесу үшін постерді пайдаланады.

Барлық жағдайда келесі ақпараттарды ұсыну сұралады:

- Сіздің аты-жөніңіз және балаңыздың аты-жөні;
- Балаңыздың мектебі, сыныбы, мұғалімінің аты-жөні;
- Тілдеріңіз келетін тұлға (аты-жөні немесе лауазымы) және пікірлесу тақырыбы; және
- Телефон нөмірі және сіз үшін барынша ыңғайлы уақыт.

DR. STEVEN L. WALTS
Superintendent of Schools

Егер балаңыз мектептен кездесу туралы сұраныс алып келсе, немесе мұғаліммен не өзге мектеп қызметкерімен тілдесуді қаласаңыз, бұл маңызды қарым-қатынаста аудармашының көмегін пайдалану үшін жоғарыдағы тәсілдерді қолданыңыз. Қызметкерлердің бірі сізбен мүмкіндігінше жылдам байланысуға тырысады.

Сіздің қатысуыңыз балаңыздың білім алуүрдісіне жағымды әсерін тигізе алады, ал біз болсақ, бұл қызметті сіз үшін қолжетімді етуге бар мүмкіндікті жасауға тырысамыз. Бұл хат Prince William County Public Schools мектебі, сіздің балаңыз және сіз арасында тығыз байланыс орнатуға септігін тигізеді деп сенеміз. Біздің әр оқушыға Әлемдік деңгейдегі білім беруге деген ниетімізге ортақ екеніңізге сенемін.

Ізгі ниетпен,



Dr. Steven Walts

Мектеп меңгерушісі

*rwcs.edu сайтына кіру кезінде осы хабарламада сипатталған ақпараттарды қамтитын беттерді табу үшін түрлі түсті глобус суретін іздеңіз.

